



010000, Нұр-Сұлтан к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

№
16.06.2021 №
7 ге

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2021 жылғы 16 маусымдағы
қауалысы**

**Нұр-Сұлтан қаласында
3-ЖЭО құрылышын салу
және нөсерлік көріз
жүйесін әрі қарай дамыту
туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы Нұр-Сұлтан қаласында 3-ЖЭО құрылышын салу және нөсерлік көріз жүйесін әрі қарай дамыту туралы ақпаратты тыңдалап және талқылап, төмендегін атап өтеді.

Казіргі уақытта елордада 3-ЖЭО бірінші кезегінің құрылышы бойынша жоба іске асырылуда, оны іске қосу жылу қуатының сағатына 440 Гкал мөлшерінде өсімін береді. Мердігер үйім «Центраказэнергомонтаж» АҚ болып табылады.

Ағымдағы жылдың сәуір айында жобаға түзету енгізіліп, мемлекеттік сараптаманың он қорытындысы алынды. Түзетуден кейінгі жалпы құны 35,3 миллиард теңгеге қымбаттай отырып, 122 миллиард теңгені құрады. Бағаның өсуі 3-ЖЭО қатты отынның орнына табиғи газды пайдалануды жоспарлау, ұлттық валютаның орта есеппен 2,5 есе девальвациясы, қаланың жылу энергиясындағы артып келе жатқан жүктемесін жабу үшін 1-ЖЭО және 2-ЖЭО қаржыландыруды қайта бөлу және жобаның айлық есептік көрсеткішінің (АЕК) құрылыш жылышын АЕК-ке 25%-дан астам сәйкес келмеуімен байланысты болды.

Ағымдағы жылы су жылышу қазандығы, трансформаторларды ашық орнату және 3-ЖЭО инженерлік желілер бойынша жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда. Объектіде су жылышу қазандығы, желілік су қорының бактары, қызметтік-тұрмыстық корпус және АТК-110 кВ бойынша жұмыстар жаңартылды, объектінің дайындығы 70%-ды құрайды.

Жобаны іске асыруды аяқтау және 3-ЖЭО бірінші кезегін іске қосу үшін 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымы басталғанға дейін 30 миллиард теңге (2022 жылға – 20 миллиард теңге, 2023 жылға - 10 миллиард теңге) мөлшерінде қаржыландыру қажет.

000154

Елорданың нөсерлік көріз жүйесі он жеті тазарту құрылышынан (бұдан әрі - ТК) және екі жинағыш тоғаннан, ауданы 15,4 мың гектардан астам аумақтан жерусті сарқынды суларын бұруды қамтамасыз ететін 610,8 километр нөсерлік, дренаждық және науа-арық көріз желісінің магистральдық коллекторларынан тұрады.

Қаланың жекелеген участкерін су басу түйткілдерін жою мақсатында өнімділігі тәулігіне 13-тен 21 мың м³-ге дейін және тұндырғыш резервуарлар санын 5-тен 7 бірлікке дейін ұлғайта отырып, I-4 ауданының ТК реконструкциялау жомпідегі жобаны әзірлеу аяқталды, жобаны 2023 жылы аяқтау жоспарлануда.

«Жастар» шағын ауданында өнімділігі тәулігіне 42,3 мың м³ ТК құрылышы және диаметрі 1200-ден 2000 мм-ге дейінгі магистральдық коллекторларды қайта жаңарту жүргізілуде, толық және уақтылы қаржыландыру жағдайында осы жобаны іске асыру 2021 жылы аяқталатын болады.

III-3 ауданының ТК ксңсайту бойынша жобаны әзірлеу жүргізілуде, жобаны әзірлеу 2021 жылы аяқталады. Сондай-ақ, № 27 көше құрылышының құрамында Тұран және Ұлы Дағдарының қылышында нөсер көрізінің коллекторларын қайта орнату жұмыстары жүргізілді.

2021 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезенде 11 жобаны іске асыру жоспарланып отыр, олардың аяқталуы бойынша 11,3 км нөсер көрізі желілері және б нөсер көрізі тазарту құрылыштары салынатын болады.

Сондай-ақ, «Elorda Eco System» ШЖҚ МҚҚ тұрақты негізде нөсерлі көріз желілерін тазалау және заңсыз ойықтарды анықтау бойынша жұмыстарды жүзеге асыруда.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – тұрақты комиссия) Нұр-Сұлтан қаласында З-ЖЭО құрылышы және нөсерлік көріз жүйесінің жұмысында бірқатар кемшіліктер бар екенін атап өтті.

З-ЖЭО құрылышының мерзімі едәуір бұзылғаны байқалады, осыған байланысты ескірген жобалау-сметалық құжаттама түзетуді талап етеді, ел экономикасында өзгерістер орын алуда, бұл жоба құнының артуына алып келеді. Жылу энергиясының тапшылығы проблемасы шешілмеген күйінде қалып отыр, ол жаңа тұрғын үйді пайдалануға беру шамасына қарай ұлғаюда.

Жылу энергиясының тапшылығы салдарынан белгілі бір үйлердің тұрғындары жеке қазандықтардың қызметтерін пайдаланады, бұл коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығындардың артуына алып келеді, бұл фактор да бизнестің дамуына теріс әсер етеді.

Аталған проблеманың себептерінің бірі құрылышты дұрыс жоспарламау болып табылады, осыған байланысты З-ЖЭО әрі қарай салу жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасау қажет.

Осы уақытқа дейін 2018-2019 жылдары жүргізілген 1-ЖЭО қайта жаңарту бойынша жұмыстар аяқталған жоқ және айтарлықтай қаражат

жұмсалды, 2009 жылдан бастап 2020 жылға дейін 2-ЖЭО бойынша 105 млрд. теңгеден астам қаражат игерілді.

Жауын-шашын көрізінің тұнбасы проблемасы бар, елорданың кейбір аудандарын жауын-шашыннан кейін жүйелі түрде су басады. Мәселелерді шешудің дәстүрлі әдістерімен қатар басқаларын да қарастыру ұсынылады. Мәселен, Дрезден техникалық университетінде қалдықтарды басқару институты мен қайталама экономика есебінен іске асыру жоспарланған «Teresa» жобасына назар аудару керек, ол жасанды су қоймаларында оларды қайта пайдалану үшін жауын-шашынды жинауды қамтамасыз стеді.

Отырыс барысында мемлекеттік жекеңшешілік оріптестік шеңберінде салынып жатқан 4 мектеп бойынша алаңдан тыс инженерлік желілер бойынша мәселе қаралды. Аталған объектілерді аралау нәтижесінде депутаттар инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды мектептерге жүргізудің проблемалық мәселелерін анықтады. Бұл ретте «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыш басқармасы» ММ басшысы кейбір мәселелер бойынша өзінің хабардар еместігін көрсетті.

Сонымен қатар, мәслихаттың тұрақты комиссиясының отырысына онлайн режимінде шақырылған және қосылған «Нұр Сұлтан қаласының Қөлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ өкілдері отырыс төрағасының мәселелерін елемеді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Занының 14-бабының 2-тармағына сәйкес әкімдік, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдар, үйымдар лауазымды тұлғалары белгіленген тәртіппен тұрақты комиссияларға олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті ақпарат беруге міндетті.

Атқарушы органдар тарапынан жоғарыда аталған Заның бірнеше рет бұзылғанын ескере отырып, мәслихат отырыстарына қатысушылардың жауапкершілігін күшету қажеттілігі туындейды, қайталап бұзылған жағдайда және оларға дайын болмаған жағдайда, оларға тиісті шаралар қабылданатын болады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. Жергілікті атқарушы органдың Нұр-Сұлтан қаласында 3-ЖЭО құрылышын салу және нөсерлік көріз жүйесін одан әрі дамыту туралы ақпараты назарға алынын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

- 3-ЖЭО құрылышын салу бойынша атқарылған жұмыстар тізімін және 3-ЖЭО құрылышын аяқтау үшін орындалатын жұмыстар тізімін оның құнын көрсете отырып слайд дайындау;

астананың бюджеттік инвестиациялық жобаларының қолданыстағы инженерлік желілері (мектептер, ауруханалар, спорт объектілері, тұрғын

үйлер және т.б.), ағымдағы жай-күйі мен түйткілді мәселелері, сондай-ақ түйткілдерді шешу жолдары бойынша схема түрінде қысқаша анықтама жасау;

«Нұрлы Жол» бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру барысы туралы ақпарат ұсыну (орындалған және орындалмаған іс-шаралар, орындалмау себептері және проблемаларды шешу жолдары);

елордада нөсерлік кәріз жүйесін дамыту жөніндегі жергілікті атқарушы органның жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар жіберу;

«Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ басшылығының мәслихат отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету бойынша бақылауды қүшету.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ:

бірінші басшының тұрақты комиссия отырысында болмау себебі туралы түсіндірме берсін.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылымын басқармасы» ММ:

салынып жатқан мектептерге барлық инженерлік желілер бойынша анықтама ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір апта мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

6. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылымы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Нұрлы Жол» бағдарламасының құрылымы объектілерін, сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласының 2-ЖЭО және 3-ЖЭО объектілерін араласын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылымы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
Құрылымы, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

Б. Котырев